

## Информационные технологии в образовании



Преподаватели КАУ вместе со студентами приняли участие в Шестой казахстанской научно-практической конференции «Современные информационные технологии в образовании», которая проходила в г. Алматы 17 мая 2016 г.

Организатор конференции – фирма «IC». Фирма «IC» и ее партнеры уже более 16 лет сотрудничают с системой образования по различным направлениям, прилагая совместные усилия по подготовке квалифицированных кадров, реально востребованных в экономике. Научно-практические конференции стали традиционными, регулярными, ежегодными мероприятиями, проводимыми фирмой «IC». География конференции обширна – Россия, Украина, Казахстан.

Направления работы научно-практической конференции были представлены по трем темам:

- Технологическая модернизация бизнеса и образования с использованием инновационных решений и сервисов фирмы «IC»;

- Новые организационно-технологические решения фирмы «IC» для глобальных образовательных сообществ;

- Использование технологической платформы «IC: Предприятие» для проектно-исследовательской работы преподавателей и студентов.

В рамках конференции прошли мастер-классы по различным тематикам, был организован вернисаж (демонстрация) новейших программных и методических разработок, тестирование «IC: Профессионал» (для преподавателей высших и средних образовательных учреждений).

Состоялось награждение победителей Второго казахстанского профессионального конкурса по «IC: Бухгалтерия 8» среди учащихся ВУЗов и колледжей. Хотелось с удовлетворением отметить, что на региональном уровне в конкурсе победила наша студентка специальности «Учет и аудит» Айгерим Айтпаева.

М. Г. Григорян,  
декан КАУ

## Academic Contest as Exercise and Experience

While people go shopping, keep visiting theaters or music clubs, student of KAU decided to dedicate our day to...debates. The first Kazakhstan interuniversity debates on the topic of Huntington's theory was held in Kazakh National Library. Students from KAU, teamed up with KazNU, debated against teams from SDU and Kazakh Ablai Khan University of IR and WL.

To be honest we were not happy when we saw the team on the other side of the fence fully stuffed with the home-work files on Huntington's theory as we were expected to debate on the general issues of Terrorism and Extremism that in fact predetermined the selection of the players on our camp. Victoria Chizhko, Aksaira Talasbaeva, Kamiljam Kurbanova and Omar Alisher have been majoring in the academic studies on the current vital threat. At times the situation seemed to be difficult but not desperate. Though it was a very short notice and we were briefed up on the actual state of things just on the eve of the event we worked out nicely with a very good performance. All the members of the team did their best generating the right arguments supplying our spokesman with the intellectual ammunition.



That is the reason why Omar Alisher proved to be the winner of the debate. It was a very good team effort that ended up the whole game to our favor.

Thank to professors, guests, students and skill and experience gained at our University we achieved that much. This experience was another proof that apart from the general studies we can widen up the extent of the knowledge by communicating and discussing some new topics and taking up some other genres of developing skills outside of the comfort zones when the general competence can deduct something new and innovative.

Hopefully we shall take up the debates of the same format and we shall obviously be better fit for the competitive debates in the future.

Diana Baimuhambetova,  
3rd year student, "International Relations".

## XXI ғасырда адамзаттың өмір сүру стратегиясының концепциясы. Абай және Қазақстанның келешегі

2016 жылдың 19 сәуірінде ҚАУ жанындағы мектеп пен Қазақ-Америка жанындағы кітапханасының бастамасы бойынша Қазақстан ғалымдары Кеңесінің Президенті, ҚР мемлекеттік премиясының лауреаты, жаһандық зерттеулердің халықаралық академиясының академигі, з.ғ.д., профессор Оразалы Сәбденмен кездесу болып өтті.

Бұл кездесу «XXI ғасырда адамзаттың өмір сүру стратегиясының концепциясы. Абай және Қазақстанның келешегі» атты тақырыпта өрбіді. Кездесуге ҚАУ жанындағы мектеп, колледж, университет студенттерімен қатар, ҚазБСҚА студенттері де қатысты.

Іс-шараның негізгі мақсаты – аға буын өкілдерінің өскелең ұрпақпен рухани байланысын нығайту, студенттердің әдебиетке деген көзқарасын өзгерту, қалыптастыру және рухани мұрасын сіңіру, дүниетанымын кеңейту, зияткерлік деңгейін арттыру, оларды көрнекі ғалымдармен, қоғам қайраткерлерімен, жазушылармен таныстыру, сондай-ақ өздерін қызықтыратын сұрақтарға жауаптар табу болып табылады.

Оның ойынша, біздің аймақ, әсіресе, шекара аймағы бәсекеге қабілетті болуы тиіс. «Инновациялық жарылыс – өлемдік бренд. Қалай жасасақ, солай өмір сүреміз. Әлеуетіміз бар, қаржы бар, тек оны дұрыс пайдалана алу қажет. Жобалық тәсіл барлық жерде керек. Жобалар-



ды іске асыру жолында жауапкершілікті сезінуіміз керек» – деді лектор.

Қонақ XXI жаһандану жағдайында өмірге жаңа көзқараспен қарау, инновацияларға серпіліс беру, өркениет дамуының әлеуметтік-экономикалық дамуына талдау жасау керек деп өз ойтолғауын айтты. О.Сәбден дағдарыс кезінде сұрақтарды басқаша қою керектігіне де тоқталып кетті. «Дағдарыс алдында және дағдарыс кезінде біз нені ұмыттық? Біз ұлттың рухани байлығын ұмытып кеттік! Барлық жаңа технологиялар байытуға арналған: қалай ақшадан ақша жасау керек, қалай капиталды көбейтуге болады және т.б. Қазіргі таңда дүниежүзінде миллиондаған адам ашаршылықта және

кедейшілікте өмір сүруде. Адамзат сонымен қатар экологияны да ұмытып кетті». Ғалым руханилық және экономикалық идеяны дамыта келе, адамзат тарихы үшін жаңа қадам ойлап табу керек екенін атап өтті.

Абай Құнанбаевтың ақындық туындылары мен «Қара сөздері» міне, екі жүз жылдық бойы қазақ халқы және жалпы адамзатты рухани байыту жолындағы бастама болып есептеледі. О.Сәбден техника ғылымдарының ғалымы бола тұра, Абайдың шығармаларына тоқтала кетті. Ол Абай шығармаларын талдай келе, оның туындыларында қазақ халқының болашағын болжағанын көрді. Абай Орталық Азия және Қазақстан халықтары үшін Конфуциймен, Нострадамуспен тең дәрежелі деді. Кездесуде осы және басқа да проблемалық сұрақтар қозғалды. Кездесуге қатысушылар оратордың қызықты әңгімелеріне өте қызығушылық танытты. «Болашақты Сендер құрасыңдар, сақтап қаласыңдар және жаһандану процессіндегі 21 ғасырда Қазақстан дамудың жаңа жолына түсуі керек. Біз өте аз халықпыз.

Сондықтан бізге жаңа технологиялар, жаңа білім және дамудың инновациялық жолы керек. Қазақстан жылдам дамудың жолына түсуі керек. Ал ол үшін өскелең ұрпақтан шығатын жаңа идеялар қажет».

Қатысушылар сұрақтар қойды. Кездесу өте қызықты, мазмұнды өтті. Оразалы Сәбденмен тағы да қызықты кездесулер болады деген ниеттеміз.

Қ. А. Ыстықұл  
ҚАУ жанындағы мектептің  
география пәні мұғалімі



## Museums hometown

April 23, on a beautiful clear day school students at KAU visited museums of the political leader, the First Secretary of the Communist Party of Kazakhstan Kunaev D.A., a writer Sabit Mukanov. When can they be joined to the eternal values of a man, if not in the school years?



The smallest citizen should know his history and culture. It is therefore important to introduce children with museums, bearing a historical heritage. The children listened to the stories of the guide with a great interest, watched the exhibits, learned many interesting things in the life of people who have done a lot for the prosperity of their people.

Being surprised by many things that seemed for the children of the 21st century, something bizarre, such as a large Japanese tape recorder, record music, but most of all struck by a huge number of books in Kunaev's apartment-muse-

um there are about five thousand books, and four thousand books in Sabitov's museum. This and many other things have been discovered for the first time, all were satisfied with the campaign. We, the teachers believe that the time spent with the great benefit not only for children but also for ourselves.

G. A. Zalgaraeva  
Teacher of English language



## ХАБАРСЫЗ КЕТКЕН ЖАУЫНГЕР

Соғыс, соғыс. Қандай суық сөз еді! Сол сұрапыл жылдарда қанша азамат жер құшып, қанша бала әкесінен, қанша ана баласынан, қаншама үй тірегінен айырылды. Елден сән, өмірден мән кетіп, сұрықсыз бір дүниеге айналды.

Миллиондаған адамдардың өмірін қиып, жүздеген қала мен елді мекендерді тып-типыл етті. Әр үйге, әр отбасының өміріне жазылмас жараның ізін қалдырды. Соғыс халқымыздың тарихында қасиретті бет қана емес, теңдесі жоқ ерлік пен қажыр-қайраттың, бірліктің дәлелі болды.

Иә, соғыс жылдарында мыңдаған отандастарымыз майданда қаза тауып, көбі хабар-ошарсыз кетті. Майдан даласынан оралмай қалған боздақтардың ішінде менің асқар таудай әкемнің бірге туған үлкен ағасы Қыдырбаев Шәріп Дүйсенұлы да бар. Әкемнің айтуынша ол кісі 1919 жылы дүниеге келген, әскер қатарына алынғанға дейін мектепте мұғалім болыпты. Соғыс басталмай тұра, 1940 жылы міндетті әскерге аттанған. Ол кезде менің әкем небәрі 8 айлық нәресте екен.

Соғыс басталғанда атамиз Шәріп бірден Латвия жеріне аттанады. Сол кеткеннен еліне орал-

мады. Артында қалған ата-анасы баласының өлі-тірісін біле алмай, дүниеден өтті.

Жау тұтқынында қалып, соғыстың құрбаны болған атамиз туралы деректі Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында ғана ғаламтордан таптық.

Бұл дерек жау тұтқынында болған жерлестеріміздің Германиядан алынған тізімінде болыпты. Бұл тізімде 9090 қазақстандық бар, тізім «Ертіс дидары», «Шаһар» т.б. газеттерде жарияланды. Тізімде тұтқынның нөмірі, тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы, әскерге қай жерден шақырылғаны, қайтыс болған мезгілі, ұлты және қай жерде жерленгені көрсетіліпті.

Тұтқынға түскен 9090 адамның ішінде біздің атамиз Қыдырбаев Шәріптің де есімі көрсетілген. Тұтқынға түскен нөмірінің суреті арқылы атамиздың Отан үшін от кешіп, үлкен қиыншылықты басынан өткергенін

Қазақ тілінің бүгінгі тандағы жағдайын түзеу – қазіргі жастардың қолында. Оны шұбарлануына жол бермеу – басты мақсат.

Тіл – халықтың рухы, тірегі, айнасы. Адам баласы өмірге шыр етіп келіп, дүние есігін ашқаннан бастап алғаш рет айтылатын бесік жырын өз ана тілінде тыңдап, мәңгілік жадына сіңіріп аларың сөзсіз. Сол сияқты біздің де құлағымызға сіңіп өскен, ана сүтімен дарыған тіліміз ол – қазақ тілі.

Қазақ тілі қазақ халқының мемлекеттік тілі екенің ешқашан ұмытпауымыз қажет. Сондықтан қазақ тілінің алар орны біз үшін

## ӨЗГЕ ТІЛДІҢ БӘРІН БІЛ – ӨЗ ТІЛІҢДІ ҚҰРМЕТТЕ!



ерқашан биік, мәртебесі зор.

Қазіргі таңда Қазақ-Америка Университеті де мемлекетіміздің үш тұғырлы тіл саясатын ұстанады. Барынша басымдылық қазақ тіліне берілген: оны студенттер мен оқытушылардың ой-өрісінен айқын көруге болады. Сонымен қатар гуманитарлық бағыт факультетінің студенттері қазақ, орыс және ағылшын тілінен өзге шығыс және батыс тілдерін жетік меңгеріп

шығады. Тілдік саясатты қолдау мақсатында түрлі іс-шаралар ұдайы университет қабырғасында өткізіліп тұрады. «Өзге тілдің бәрін біл – өз тіліңді құрметте!» дегендей ана тілінде өз мамандығыңды еркін меңгеріп шығу әр бір азаматтың міндеті.

Келешекте қазақ тілінің мәртебесі жоғары болып, қазақ тілі арқылы басқа мемлекеттер Қазақстанды танып жатса нұр үстіне нұр болар еді. Қазақ тілі-әлемдік танылған қолдану аясы кең тілдердің бірі болады деген үміттемін.

Динара Ақылжан,  
1 курс, Журналистика

## ПОБЕДА В СЕРДЦЕ КАЖДОГО ЖИВЁТ

К большому народному празднику, Дню Великой Победы в группах 13, 14 РЭИС - 609 - 3р, 13 РЭИС - 609 - 3к был проурочен открытый классный час.

Студентам, как напоминание были прочитаны слова А.С. Пушкина, которые он писал П.Я. Чаадаеву: «Я далеко не восторгаюсь всем, что вижу вокруг себя... но клянусь честью, что ни за что на свете я не хотел бы переменить отечество или иметь другую историю, кроме истории наших предков, такой, какой нам бог ее дал. Уважение к минувшему - вот



черта, отличающая образованность от дикости... Гордиться славою своих предков не только можно, но и должно; не уважать оной есть постыдное малодушие... Дикость, подлость и невежество не уважают прошедшего, пресмыкаясь перед одним настоящим».

Эти слова поэта звучат сегодня очень современно. В заключение классного часа был показан документальный фильм о тяжелых буднях людей, которые завоевали для нас победу.

Н. В. Глухова, Ж. С. Нурахметова,  
кураторы групп РЭ и С

көрдік. Фашистік Германияның қарапайым адамға жасаған зұлымдығына қинала қарадық. Менің атам мойымағанын, Отанын сатпағанын қасқая қараған жүзі арқылы таныдым. 70 жыл бойы хабарсыз кеткен атамиздың қай жерде мүрдесі көмілгенін естіп, үлкен қуанышқа ие болдық. Газет бетінен көре сала әкем Дүйсенов Зәріп, ағайым Мирас Зәріпұлы бірден Белоруссия жеріне жол тартты. Сексен жастың сеңгіріне келіп отырса да, ағасының мүрдесі табылған Белоруссия жеріне, Гродно қаласындағы «Бауырластар зиратына» барып, туған жерінен бір уыс топырақ апарып, салып қайтты.

Сол сұм соғыс болмағанда, елімізді соғыс өрті шарпымағанда, менің атам қан майданға аттанбаса, ендігі ақар-шаһар жанұялы



болып отырар еді. Балаларының қызығын көріп, еліне бір үлес қосушы еді. Біз Шәріп атамизбен мақтанамыз. Елін, жерін жаудан қорғап, ерлікпен қаза тапқан атамиздың есімін ұрпақтары, біздер ешқашан ұмытпаймыз. Жыл сайын Жеңіс күнінде Отан үшін от кешкен боздақтарды

еске алып, тағзым жасап, аталар ерлігін ұрпақтан-ұрпаққа сөз етеміз. Аталарымыздың ерлігі ешқашан ұмытылар емес!

А. З. Карипова,  
ҚАУ жанындағы мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі



## 7 МАЯ – ДЕНЬ ЗАЩИТНИКА ОТЕЧЕСТВА



День защитника Отечества в нашей стране берет свои истоки с подписания Президентом Республики Казахстан Указа о создании национальных вооруженных сил.

В АКС при КАУ День защитника Отечества отметили разными мероприятиями: просмотр военных песен, конкурсами, необычными поздравлениями. Мужчины и юноши АКС принимали искренние поздравления. Не остались в сто-

роне и девочки гр. 15-РЭиС-609-1р-2 тоже Они поздравили ребят группы, как будущих защитников Родины. Для них было организовано небольшое представление, вкусное чаепитие. В этот день звучали пожелания мужества, крепкого здоровья, отваги и успешной сдачи предстоящих экзаменов.

*Куаныш Тунгенбаева,*  
куратор

## В ЧЕСТЬ ВСЕНАРОДНОГО ПОДВИГА



*Еще тогда нас не было на свете, Когда гремел салют из края в край, Солдаты, подарили вы планете Великий Май, Победный Май!*

9 Мая – легендарный и светлый день для нашей страны. В этот день мы празднуем Великую Победу, отдаем честь погибшим и не вернувшимся с полей битв, поздравляем ветеранов, которые подарили нам жизнь и процветание.

В честь подвига наших предков в нашем колледже прошла военно-спортивная игра «Ерлік». В мероприятии приняли участие студенты групп 15-РЭиС-609-1р/к, 15-ВТиПО-404-1р, 15-ПД-

201-1р. Игра была организована преподавателем НВП А.К. Акбановым.

Участвуя в игре, студенты показали свой командный дух, волю к победе и интерес к студенческой жизни. Такие мероприятия воспитывают в студентах патриотизм, любовь к Родине, отважность и нравственность.

Хотелось бы поблагодарить организаторов, членов жюри и всех участников за организацию этого патриотического мероприятия.

*Айгерим Даушева,*  
студентка группы 15-ПД-201-1р.

## Ажал сәулесін жеңген азамат

2016 жылдың 28 сәуірінде ҚАУ кітапхана қызметкерлерінің ұйымдастыруымен «Ажал сәулесін жеңген азамат» атты халқымыздың ер жүрек ұлдары, бейбіт өмірдегі тарихи тұлғаларымыздың бірі 1986 жылы болған Чернобыль АЭС-дағы апаттың қатысушысы, отставкадағы майор Құсметов Еркебұлан Қайсарияұлымен кездесу өткізілді.



Іс – шараның мақсаты: студенттерді Чернобыль апатының тарихымен және осы оқиғаға қатысқан қазақстандықтармен таныстыру, апат салдарын жоюға аттанғандардың ерлігін өскелең ұрпаққа насихаттай отырып, бүгінгі жастарды отан сүйгіштікке тәрбиелеу.

Шара барысында залда отырған қатысушылар ядролық апаттың салдарынан қаза болғандарды бір минут үнсіздікпен еске алды. Содан кейін мыңдаған адамның өмірін жалмаған жарылыс туралы «30 жыл өткен соң...» электрондық тұсаукесер және болған оқиғалар туралы бейне сюжет көрсетілді.

Тарихқа зер салсақ, Чернобыль АЭС-дағы апат – ХХ ғасырдағы ірі техногендік апат ретінде адамзат санасын сансыратып кетті. Апаттың зардабын жою үшін КСРО-ның барлық аймақтарынан 600 мыңдай адам қатысса, оның 32 мыңы қазақстандықтар еді.

Солардың бірі Чернобыль апатындағы қауіпті нысандарда қызмет атқарған қаһарман азамат, отставкадағы майор Құсметов Еркебұлан Қайсарияұлы туралы айта кететін болсақ, 1955 жылы 14 наурызда Шығыс Қазақстан облысы, Катон Қарағай ауданы, Катон Қарағай ауылында дүниеге келген. 1972 жылы орта мектепті бітіріп, Қарағанды облысы Қаражал қаласында еңбек еткен. 1973-1975 жылдары әскери борышын өтеп, қайтып Қаражалға оралады. 1986 жылы Ішкі істер органдарына жұмысқа қабылданып, ҚСРО ІІМ жетекші

қызметкерлерінің біліктілігін көтеру курсына Киев қаласына жіберіледі. Сол жылы 28 сәуірде қоғам тыныштығын қорғау мақсатымен Чернобыль қаласына аттанады. 1987-1992 жылдары Алматы қаласындағы ІІМ-нің жоғары мектебін оқып бітіреді. 1996 жылы денсаулығына байланысты зейнеткерлікке шығады.

Еркебұлан Қайсарияұлы «Чернобыль апатының салдарын жоюға қатысқан мыңдаған

денсаулықтарынан айырылды. Олар батылдықпен ержүректілік танытып, әскери-патриоттық борыштарын абыроймен өтеп шықты. Алайда, оның салдарын еске алып, оқиғаға жол бермеудің әрекеттерін ескеру ғана. Жастармен кездесуіміздің бір себебі де осы. Адам әр кез барлық нәрсеге дайын болу керек».

Шара барысында залда



біздің отандастарымыздың ерлігі мен жігері болмаса, апаттың ауқымы одан да үлкен болуы ықтимал еді. Олар өмірлерін, денсаулықтарын құрбан ете отырып, өз борыштарын орындады, адамдарды радиацияның зиянды әсерінен қорғады, оның өрі қарай таралауына тосқауыл болды. Совет кеңесі кезінде бұл жарылыс барлық мемлекеттер тұрғындарына ортақ болды. Ядролық апат болған аумақтан сау келген адам жоқтың қасы. Радиацияның зардабы өте қауіпті. Оның не түсі, не иісі жоқ, көзге көрінбейді, құлаққа естілмейді. Ол қарулы жаудан да жаман, жер сілкінісі мен су тасқыны сияқты табиғи апаттардан да қауіпті екенінін ешкім білген жоқ. Бәріде

отырған студенттер Чернобыль оқиғасына байланысты сұрақтарын қойып, кездесу үлкен өңгімеге ұласты. Чернобыль апаты салдарының ауыр екендігін, оның әлі көптеген ұрпаққа әсер ететіндігін ұға отырып, апат салдарынан қаза болғандарға және денсаулықтарын жоғалтқандарға құрмет көрсете отырып, яғни барша адамзат баласы апат салдарын барынша азайту үшін бар күш-жігерімізді жұмсауымыз қажет. Бұл кездесу студенттерге үлкен рухани әсер қалдырды деп айтсақ болады. Іс-шараның соңында қонаққа рақмет айтып, Е.Хасанғалиевтің «Атамекен» әнімен кездесуді аяқтадық.

*Т. А. Болатқұлова,*  
кітапханашы

## ИСТОРИЯ СТУДЕНЧЕСКИХ ПРИМЕТ

*Какой студент не прятал пятак под пятку или не засыпал с конспектом под подушкой накануне экзамена? У многих студенческих примет есть своя история. Оказывается, примета о том, что на экзамен нужно идти с пятакком в обуви имеет прагматичное происхождение.*

Так, студенты времен царской России припасали пятак, чтобы отметить успешную сдачу экзамена! И прятали монеты в обувь, под пятку! В те времена можно было себе позволить отметить экзамен на пять копеек...

Конспекты и учебники под подушкой накануне экзамена – тоже вещь вполне объяснимая. В былые времена книг на всех студентов не хватало, потому их обладатели старались не выпускать их из рук, пряча под подушку. Вот и получалось, что

они и сдавали экзамены без проблем.

Есть версия, что традиция призывать Шару, совершая ночные пробежки вокруг общежития, появилась благодаря строгим вахтершам. А как еще объяснить попытки запоздавшего студента незаметно пробраться в общежитие? Примету ругать сдающего экзамен студента объясняют тем, что якобы какой-то студент накануне экзамена поссорился с любимой, и та весь день его всячески ругала. Экзамен был сдан



успешно, и символическая ругань стала приметой удачной сдачи экзамена.

Все студенты знают, что накануне экзамена нельзя бриться и стричься. А знаете почему? Велик риск того, что преподаватель не узнает вас и посчитает великим прогульщиком со всеми вытекающими последствиями! А оно вам надо? Соответственно, эксперименты с внешностью лучше отложить до окончания сессии. Многие придерживаются правила нечтения конспекта

перед экзаменом и не читают конспекты за едой, перед телевизором и под громкую музыку. И это естественно, ведь все это отвлекает внимание, мешая сосредоточиться. Читать конспект за три минуты до начала экзамена и вовсе бессмысленно, ибо в это время нервная система настолько напряжена, что никакая информация до вашего мозга просто не дойдет.

К слову сказать, если вы хорошо работали в течение семестра и вовремя сдавали контрольные и курсовые работы, ваши шансы на успех значительно возрастут и без особых ритуалов. А вы верите в приметы и каким доверяете? Будем рады, если вы поделитесь опытом или расскажете о наиболее интересных.

*А. С. Назарбекова,*  
преподаватель АКС при КАУ



## Сделать город чище — в наших руках!

Студенты и преподаватели КАУ и Алматинского колледжа связи при КАУ 16 апреля 2016 года приняли участие в общегородском субботнике. Вооружившись необходимым инвентарем и посадочным материалом, они принялись за работу.

«Весна - это утро года, а утром надо умыться. Я не упущу возможности помочь городу очиститься. Не хочу жить в грязи» - так выразил общее мнение ста-

роста нашей группы Ербол Нурым, став одним из активных участников субботника.

По-моему, участие в таких мероприятиях и есть малое проявление любви к Родине. Давайте создавать чистоту вокруг себя своими же руками - уютную территорию вокруг наших домов!

Ляззат Берик  
студентка 2-го курса АКС при КАУ  
Группы 14-РЭИС-612-2р



## Университет — пора надежд, пора желаний...

«СТУДЕНТ - Сонное, Теоретически Умное Дитя, Естественно, Не желающее Трудиться».

Так уж устроено в жизни, что хорошее время пролетает мгновенно. Так же стремительно и пролетело время нашей учебы в университете. Казалось бы, еще недавно, ты первый раз зашел в это огромное здание, в эти большие и пугающие аудитории, не зная, что тебя ждет. А потом началась студенческая жизнь, наполненная радостными впечатлениями и небольшими огорчениями.

Вот и подходят к концу наши потрясающие, беззаботные, насыщенные эмоциями студенческие годы. Сегодня мы снова в статусе выпускников, перед нами открывается взрослая жизнь, которая вызывает у нас много вопросов и ставит перед нами множество сложных задач.

Я, как и наверно все остальные студенты, счастлива, что студенческие годы прошли в стенах КАУ. Учеба в университете для нас остается самой красочной страницей в нашей жизни. Достаточно вспомнить дни сессии, недели мидтерма, когда не сдавшие во время задания студенты, со скоростью света бегают по учителям, сдавая горы рефератов и СРС-ок. Поэтому уважаемые студенты, не оставляйте все на последний день.

А что такое университет? Это в первую очередь преподавательский состав. Исключительно вы, дорогие преподаватели, были нашими учителями и помощниками. Вы обучали нас быть сильными, стойкими и не бояться трудностей,

уважать собственную профессию. Ваша теплота и индивидуальный подход к каждому студенту, и любовь к своему предмету заставляет нас восхищаться Вами и брать с Вас пример! Этот выпуск для вас очередной, а для нас — неповторимый. Нас у вас большое количество, а вы у нас — одни. Безусловно, педагоги — это наши верные, мудрые советники, и хорошие наставники. За это мы им глубоко признательны и испытываем к ним самые светлые чувства.

Впереди у каждого из нас огромная жизнь, нас ждет еще много побед. Каждый из нас сможет достичь тех целей, которые мы ставим перед собой. Сохранились воспоминания о пластиковой карточке, которая была с нами все эти годы, пропуске, шкафчике, где остались старые тетрадки и записи. Подобные воспоминания украшают нашу жизнь. Ностальгия может быть не только такой, что шемит душу, но еще и добросердечной, окрыляющей, приносящей веру в светлое будущее, полное больших побед и успехов!

Екатерина Малагина  
4 курс, Журналистика

## «HACK DAY» - ПУТЬ В БУДУЩЕЕ

Журналисты КАУ посетили Hack Day, который прошел 1-го мая 2016 г. в Almaty Towers.

В рамках фестиваля Hack Day в течение 24 часов различные команды могут представить свои проекты на рассмотрение представителям крупных компаний, выиграть приз от Samsung, МУИТ, Almaty Tech Garden и других. Более 2000 участников, 500 проектов. Творческая молодежь представила различные секции - фотографии, мобильные приложения, дизайн и анимацию, контент и медиа. Студенты 3-го курса КАУ стали свидетелями познавательных презентаций. Вызвал интерес первый научно-популярный казахстанский журнал «OYLA» (это слово в переводе с казахского языка означает «думай»), рассказывающий о естественных науках: физике, математике, химии и астрономии. Целевая аудитория

издания - школьники средних и старших классов, и взрослые, «которые не растеряли любопытство и тягу к знаниям». О сложных вещах в нем рассказывают простым языком: о выдающихся ученых, изобретениях, истории, интерес-

ных профессиях, устройстве мира. Главный редактор журнала Ердог Тулегенов и редакционный директор Асем Жапишева презентовали проект на HackDay.

Это мероприятие позволяет талантам показать себя, открывает новые возможности.

Назым Канатбек,  
3 курс «Журналистика»



## Сахналық қойылым «ШЫРМАУЫҚ» Алматыға да жетті

Шығыс Қазақстан облыстық Жамбыл атындағы драма театры әртістерінің орындауымен ағымдағы жылдың сәуір айында Алматы қаласында Бек Рамазанның «Шырмауық» атты екі перделі әлеуметтік драмасының премьерасы болды.



Бұл Сириядағы қарулы қақтығыстарға қатысып жатқан қазақстандықтарды «дұрыс жолға салып», елдегі азаматтарды «адасудан сақтандыру үшін» дайындалған қойылым. Қоюшы режиссері Әкелеев Сахан Долдыұлы, қоюшы суретші Алдабергенов Данияр Рахымбекұлы.

Студенттер сарайына келген көрермендер санын қаланың түкпір-түкпірінен келген жас студенттер толтырды. Олардың ішінде біздің Алматы байланыс колледжі студенттері де болды. Лық толы залда тыныштық орнатылып, мұқият тыңдап, әр сөзге көңіл бөліп отырған біздің студенттер жақсы әсер алып қайтты. Расында да, бұл қойылымның мақсаты орындалып, жүрегіміздің түкпіріне кіріп, ой салып, болашақты көзге елестетті.

«Бұл — экстремисттік жолда өзінің білместігінен адасып кеткен үлкенді-кішілі біздің бауырларымыздың беті бері қарауына әсер еткен қойылым болды. Сондықтан осындай халқы көп Алматы сияқты ірі қалаларымыздағы біздің бауырларымыз, қарындастарымыз — біздің ертеңгі болашағымыз деп сіздердің алдарыңызға әкеп отырмыз. Өйткені, әр үйде бір қожайын, бір әке, бір ана бар. Оларды тыңдайтын жастар бар, тыңдамайтын жастар да бар. Ал тыңдамаған уақытта осындай теріс жолға түсіп кетуі әбден

мүмкін. Мына біздің кейіпкеріміз — Азамат Есқабыловтың кебін кимесін дегіміз келеді. Сондай боп біреудің жалғыз баласы ата-анасына қасірет әкелмесін, берекесін қашырмасын. Өйткені, өркіміңіз отбасында осындай болса, еліміз не болады, қоғам не болады? Қазір өте қауіпті бір қиын жағдайда тұрмыз. Себебі намаз оқыған да жақсы, дінін ұстаған да жақсы. Бірақ теріс жолға кетіп қалмасын. Кішкене болса да соған біздің септігіміз тисе, Алланың алдында да, адамның алдында да, еліміздің алдында да арымыз таза азамат ретінде, театр болғандықтан, сіздерге әсер етейін деп әкеліп отырмыз.

Бұл қойылымда адамның тағдыры, еліміздің тағдыры, әр отбасының тағдыры тұр — деп көрініс басында ойын білдірді қойылым режиссері Шығыс Қазақстан облыстық Жамбыл атындағы қазақ драма театрының көркемдік жетекшісі - Сахан Әкелеев.

Жастардың діни сауатын ашу мақсатында сахналанып жүрген қойылым көпшіліктің көңілінен шықты. Авторлары қойылымды әзірлеу барысында діни кеңесшілердің көмегіне жүгініп дайындалған. Сахналық қойылым осы уақытқа дейін Қазақстанның бірнеше облыстарының театрларында сахналанған екен. Бас кейіпкер А. Есқабылов тура жолдан тайып, біраз уақыт арасында жақсы адамдарды кезігіп, қателігін түсініп түзеледі. Қойылым соңында ата-анасымен қауышады, отбасына бақыт қайта оралады.

Сонымен, бұл көрініс — бүгінде сан тарауға түскен діннің аражігін айыра алмай қателескен қоғамдағы жастарға үлкен сабақ болатын — экстремизм, радикализм, терроризм бағытындағы діни ағымдардың аражігін ашып көрсете білуге дайындайтын қойылым болды.

Қ. Қ. Сенкебаева  
АБҚ оқытушысы

